

ҚАЛА МЕН САЛА

ШЕТ АЙМАҚҚА
ШЕТ
ҚАРАМАЙДЫ


4-БЕТТЕ



ҚҰҚЫҚ

КАМЕРАДАН
ҚАНДАЙ
ПАЙДА БАР?

7-БЕТТЕ



МӘДЕНИЕТ

ОҚЫРМАН
ҚАЙТСЕ
КӨБЕЙЕДІ?

9-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКААЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




ASTANA



№20 (3989) | Бейсенбі | 20 ақпан 2020 жыл

АҚШАМУ



Биыл – еріктер жылы. Ерік-тілердің қызмет атқаратын саласы сан алуан. Соның бірі – жоғалған адамдарды іздеп-табатын еріктер тобы. Сондай ізгі ниетті жандардың қиыншылыққа тап болғандарға қол ұшын созып, жақсылық жасауы – кім-кімге болса да үлгі.

5

АДАМ ІЗДЕП ЖҮРГЕН АЙЗАДА



БӨРИСЫРҒАҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАРБАЛАС

Қазіргі кезенді қазақы ұғымда бөрісырғақ амалы деп атайды. Ақпан айы ортасынан ауған шақта келетін ол шамамен бір аптадан сәл аса уақытқа созылады. Сондықтан осы мезгілде боранның соғуы – қалыпты жағдай. Қыс қаһарына мінетін де осы кезең. Белгілі ақындар Ғалым Жайлыбай мен Дәулеткерей Кәпұлы бұл амалды жырға қосқан.

4

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДА ӘКІМДІГІНЕ
ҚАРАСТЫ МӘДЕНИЕТ
ОШАҚТАРЫНДА

2700
-ДЕН

АСА АДАМ
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 407.97 \$ USD/KZT 376.84 ₸ RUB/KZT 5.91 ¥ CNY/KZT 53.80

www.astana-akshamy.kz



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

ЕЛБАСЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады.

Кездесу барысында Үкімет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, тікелей шетелдік инвестиция тарту жөнінде баяндады. Сондай-ақ, кездесуде А. Мамин жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған Қазақстан Үкіметінің қабылдаған шаралары туралы айтып берді.

Сондай-ақ Елбасы Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады. Ұлттық банктің төрағасы 2020 жылдың қаңтарында ақша-несие саясатын жүзеге асыру, елдің алтын-валюта активтері мен Ұлттық қордың ахуалы туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, кездесу барысында Е. Досаев «Бес әлеуметтік бастама» аясындағы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы туралы айтты. Сондай-ақ «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыру тақырыбы қозғалды.

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаевты қабылдады.

Кездесу барысында Президентке мемлекеттің ақпараттық саясатының тетіктерін жетілдіру, азаматтық қоғаммен ықпалдастықты нығайту, жастардың бастамалары мен жобаларына қолдау көрсету, сондай-ақ диаспоралық және діни саясат бағытында жоспарланған шаралар туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтер жылының тиімді өткізілуіне, еріктілерге қолдау көрсетудің нақты институттарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Мемлекет басшысы «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға азаматтық қоғамды тартудың, «Ашық Үкімет» қағидаттарын дамытудың маңызы зор екенін айтты. Сонымен қатар Президент қазақстандық масс-медиаи қолдауға бағытталған нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

ҮКІМЕТ

Үкімет үйінде Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен басқосуда электронды сауданы дамыту мәселелері қаралды.

Өткен жылы елімізде 3,2 млн белсенді онлайн-сатып алушы тіркелген. 2 мыңнан астам ғаламтор-дүкен жұмыс істейді. 2019 жылы электрондық саудада 36,8 мың жаңа жұмыс орны ашылған. Сауданың осы түрі арқылы қазақстандық тауарлардың экспорты 5 млн АҚШ долларына жетті. АХҚО-да тіркелген Wildberries халықаралық компаниясының алаңында 21 отандық компания ЕАЭО елдерінде 594 тауар түрін сатады.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Кеше ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады. Сапар барысында вице-премьермен бірге қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен еріп жүрді.

Дәулет АСАУОВ

Е. Тоғжанов алдымен «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығына ат басын тіреп, мұнда атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Орталықта 12 мемлекеттік орган «бір

терезе» қағидасы негізінде 70-тен астам қызмет түрлерін көрсетеді. Мұнда өткен 5 айдың ішінде түрлі мәселелер бойынша 11 мыңнан астам адам арыз-өтініштерін айта келген. Олардан түскен 18 404 сауалға кәсіби кеңес беріліп, 6 мың адамның өтініші арызданған күн-

дері қолма-қол шешілген.

«Жанұяда» 70-тен астам қызмет түрлері көрсетіледі. Келушілер білім беру, бизнесіне бастау, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасу, баспана, атаулы әлеуметтік көмек алу сияқты көпшілікті алаңдата-тын мәселелер бойынша жүгінеді. АӘК-ті жаңа нысанда тағайындау қолға алынғалы тек мұнда ғана емес, қаланың 4 ауданында құжаттарды қабылдау қарқынды жүріп жатыр» деді Нұр-Сұлтан қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Сәуле Нұрғожина.

Бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі – жұмыспен қамту ісі де осы орталықта ұйымдастырылады. «Бизнес бастау» жобасы бойынша мұнда бір жылда 7 мыңға тарта талапкер арнайы курстардан өтіп, соның 1 200-не бизнес ашуға мемлекеттік грант берілді. Ал «Кәсіпкер ана» жоба аясында 434 өтініш түсіп, 250 әйел білім алды.

№2 қалалық емханада Ералы Тоғжановты Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәуле Қисықова мен емхана бас дәрігері Ләззат Рыспекова қарсы алды. Аталған емханаға күніне 1000-нан астам адам қаралады екен. Жалпы өткен жылы мұнда 343 мың адамға қызмет көрсетілген.

Одан кейін вице-премьер Орталық теміржол ауруханасында болды.

КЕЗЕКСӨЗ

Жәмила НҰРМАНБЕТОВА, Мәжіліс депутаты:

“”

Өткен жылы Елбасының студенттік жатақханалар салу жөніндегі тапсырмасы 25 пайызға ғана орындалған. Жоспарланған 5 мың орынның 2 810-ы ғана пайдалануға берілген. Бұл мәселе күрделі күйінде қалып отыр. Алғашқы кезең орындалған жоқ, өйткені 2019 жылдың соңында 2 190 студент жатақханадан орын ала алмады. Жыл сайын «Серпін» жобасымен 3,5 мың адам грантқа ие болады. Гранттар көбінесе Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстарына беріледі. Мысалы, Солтүстік Қазақстанда 3 мың орынға қажеттілік болғанымен, бірде-бір жатақхана салынбаған. Қостанай облысында да осындай жағдай.

(19.02.2020. Премьер-министрдің орынбасары Е.Тоғжановқа жолдаған депутаттық сауалынан алынды)

КӘРІЗ ТАЗАРТУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қалалық әкімдіктегі басқосуда елордадағы кәріз тазарту қондырғыларын салу мәселесі талқыланды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов өзінің инстаграмдағы парақшасында жазды.

Қала басшысы 2-ші кәріз тазарту қондырғысын салу кезек күттірмейтін мәселенің бірі екенін атап айтты. Қолданыстағы қондырғының қуаты тәулігіне – 254 мың шаршы метр. Су тасқыны, жаңбыр мен қар еріген кезде қондырғыға келіп түсетін су мөлшері нормадан асып кетеді.

«Бас жоспарға сәйкес, 2030 жылы елорда халқының саны 1,2 млн адамға жетуі тиіс. Алайда қазірдің өзінде қала тұрғындары 1,2 млн адам болды. Сондықтан екінші кәріз тазарту қондырғысының құрылысы – өзекті мәселе.



Сол себептен техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға кірісу керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаладағы инженерлік желілерді кәріз тазалау жүйесін жетілдіруді тапсырды. Сондай-ақ бас қаладағы газ тарту, 3-ші ЖЭО сияқты аса маңызды нысандарды пайдалануға беруді де бақылауда ұстағанымыз жөн»

деді Алтай Көлгінов.

Әкімнің айтуынша, 2019 жылы Мыңжылдық аллеясы ауданында 2 учаске бойынша нөсерлі кәріз мәселесі шешілді. Биыл Бауыржан Момышұлы және Республика даңғылындағы мен Иманов көшесінің қиылысындағы проблемалық учаскелер бойынша жұмыстар басталды.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылғы наурыз айының бірінші он күндігінде өтетін Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының қоғамдық тыңдалымының қарауына «Нұр-Сұлтан қалалық полиция Департаментінің жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы» мәселе енгізіледі.

Осы мәселе бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңіз болса, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты аппаратының мына телефондарына 55-66-36, 55-66-35 және электрондық поштаға maslihat_org@mail.ru. хабарласуларыңызға болады.

М.ШАЙДАРОВ, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЙТАРЫ КӨП

Жақында тағайындалған Байқоңыр ауданының әкімі Нұрбол Нұрсағатов аудан ардагерлерімен кездесіп, былтыр атқарылған жұмыстарға тоқталып, биыл жүзеге асатын іс-шараларды талқылады.

– «Халқымызда баталы ұл арымас, батасыз құл жарымас» деген мақал бар. Сондықтан сіздермен

жақын танысып, баталарыңызды алуға келіп отырмын. Қазір біздің ауданда 21 459 зейнеткер

тұрады. Оның ішінде 11 соғыс ардагері мен 766 тыл еңбеккері бар. Былтыр ауданда ардагерлер бос уақытын өткізетін үш шағын орталық ашылды. Сондай-ақ елеулі оқиғалардың бірі деп, Ұлы Абай атамның есімін иеленген мектептің пайдалануға

берілуін айтуға болады. Сонымен бірге «Қаламгерлер аллеясы» ашылып, былтыр сондай 3 гүлзар салу жоспарланып отыр, – деді аудан әкімі.

Кездесуде ардагерлер де сөз алып, өздерінің ой-пікірлерін айтты.

» АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ НҰР-СҰЛТАН

20-21 ақпан күндері «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығында елорда тұрғындарына жұмыс күші тапшы аймақтардан бос жұмыс орындарын ұсынатын жәрмеңке өтеді. Жәрмеңкеге Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Қарағанды және Ақмола облысынан өкілдер келеді.

■ АЛМАТЫ

Алматы мен Тель-Авив арасында жаңа әуе рейсі ашылады. Қазір «Israir» әуе компаниясы екі қала арасындағы ұшуды алдағы мамыр айынан бастап жоспарлап отыр. Осыған орай Азаматтық авиация комитетінің төрағасы мен «Israir» әуе компаниясының президенті кездесіп, тікелей әуе қатынасын орнату мәселесін талқылады.

■ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Талдықорғанда жаяу патруль саны артты. Егер бұрын қала көшелеріне тек ұлттық ұлан сарбаздары бақылау жүргізсе, жаңа тәртіп бойынша әр топқа бір-бір полиция қызметкерінен қосылды. Жаз айында шаһардағы патруль-дейтін бағыт санын 120-ға дейін жеткізу жоспарланып отырған көрінеді.

■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Алматыда 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы белбеу күресінде өткен республикалық чемпионатта ақмолалық палуандар үздік нәтиже көрсетті. Айталық, оның ішінде 68 келі салмақта боз кілемге шыққан Қуанбек Аслам чемпион атанып, топ жарса, Есмұхамбет Серік қола жүлдеге қол жеткізді.

■ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Облыста ұлттық халық санағын жүргізу үшін 1 068 адам жұмыспен қамтылады. Биылғы санақтың бір ерекшелігі қағаз, қалам болмайды. Барлығы электронды түрде өтеді. Бұл үшін 27 мың планшет сатып алынды. Сондай-ақ санақтың көмегімен арнайы сайтта өз бетімен мәлімет толтыруға болады. Қазір Атырау облысында 645 мыңнан астам тұрғын бар.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Ақбота БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Елімізде көпбалалы аналарға арналған теміржол жеңілдік картасы әзірленеді деп естідім. Бұл ақпарат рас па?



Бұл сауалға *Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде вице-министр Берік Қамалиевтің айтқан жауабын ұсынамыз.*

– Қазір мүмкіндігі шектеулі жандарға 50 пайыз жеңілдігі бар тарифтер ұсынылды. Болашақта бұл бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, көпбалалы аналарға арналған жеңілдік картасы жасалады.

ақпан 20 КҮНТІЗБЕ

Дүниежүзілік әлеуметтік әділеттілік күні. БҰҰ Бас Ассамблеясының арнайы қарарымен 2007-ші жылғы желтоқсанның 18-інде жарияланған.

АҚШ-та Ұлттық шие бәліші күні. Бұл мереке америкалықтардың сүйікті астарының бірі - шие бәлішіне арналған.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов дүниеге келген.

Актер, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Жүсіпбек Тұрсыновтың туған күні.

ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



БІР КҮНДЕ 139 АДАМ КӨЗ ЖҰМДЫ

Өткен бір тәулікте Қытайда коронавирустан 139 адам көз жұмып, індеттен қайтыс болғандар саны 2009 адамға жетті. Ресми дерек бойынша, қазіргі таңда әлемде 75 196 адамның коронавирус жұқтырғаны тіркелген, оның 74 185-і Қытайда.

Африкаға дейін жеткен бұл індеттен Франция, Жапония, Филиппин елдерінде көз жұмғандар тіркелді. Diamond Princess круиздік кемесінде коронавирус жұқтырғандар саны 542 адамға жетті. ҚР Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді таяу күндері лайнердегі Қазақстан азаматтары елге жеткізілетінін мәлімдеді. Осыдан бұрын АҚШ, Оңтүстік Корея елдері өз азаматтарын эвакуациялады. Алайда АҚШ-қа эвакуацияланған 14 азаматтан қауіпті вирус табылды.



ЖОЙҚЫН ЖАРЫЛЫС БОЛДЫ

Пәкістанның Белуджистан елді мекенінде жойқын жарылыс болды, 10 адам көз жұмды. Арасында тәртіп сақшылары да бар. 35 адам түрлі деңгейде жарақат алды.

Дәрігерлердің айтуынша, олардың кейбірі қазір ауыр халде жатыр. Жарылғыш зат Кветта қаласындағы баспасөз клубы маңында іске қосылған. Әзірге ешқандай лаңкестік ұйым жарылысты өз мойнына алған жоқ.



ЭВЕРЕСТ ШЫҒЫН ҚОҚЫСТАН ТАЗАЛАЙДЫ

Непал альпинистері Эверест пен Гималайдың бес шыңын қоқыстан тазартуға әскерилерді жұмылдыратын болды. Оған 7,5 млн доллар қаражат жұмсалады. Былтыр олар өңірден 10 мың кг қоқыс алып шыққан.

Непал үкіметі таудағы қоқысты азайту үшін де көп шараларды қолға алған. Мысалы, альпинистерден 400 доллар алым жиналады. Егер олар қоқысты өздерімен алып келсе, бұл ақша кері қайтарылады. Ал Непал альпинистері қауымдастығы өкілдерінің айтуынша, ауыр цилиндрлер мен мәйіттерді төмен түсіру өте қиын көрінеді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

БАСПАНАНЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ ТӨМЕНДЕЙДІ


» «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің үш компаниясы бір операторға бірікпек. Бұл туралы кеше «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыру қорытындылары және 2020 жылдың міндеттері жөнінде өткен баспасөз мәслихатында холдингтің басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Омарқожаев мәлім етті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Холдингтің алдағы жобажоспарлары туралы тоқталған Әнуар Омарқожаев Мемлекет басшысының тапсырмасына орай холдинг тұрғын үй блогын оңтайландыру жұмыстарын жүргізіп жатқанын жеткізді. «Бәйтерек девелопмент, Қазақстан ипотекалық компаниясы және Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қоры біріктіріледі. Бірыңғай операторға «Даму» қорының құрылыс компанияларына жәрдемақы беру функциясы да беріледі. Ол стратегиялық жоспарлаудан бастап құрылыс жобасының барлық кезеңін сүйемелдейтін болады» деді Омарқожаев. Басқарма басшысының орынбасары

бұл қысқартудың «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне қатысы жоқ екенін» атап өтті.

Алдағы уақытта баспана салу жаңадан құрылатын бірыңғай оператор арқылы іске асырылмақ. Бірыңғай оператор құрылыстың жаңа тәсілдеріне, тың технологиялар мен тиімді құрылыс материалдарына басымдық береді. Сондай-ақ құрылыс тәсілдерін түбегейлі қайта қарайды. «Біз құрылыс материалдарының Marketplace жүйесін дайындап жатырмыз. Бұл платформада тапсырыс беруші мен жеткізуші ешқандай делдалсыз байланыса алады. Бұл шаралар баспананың өзіндік құнын орта есеппен 10 пайыз арзандатады деп отырмыз» деді Әнуар Омарқожаев.



ТОҢЫП ТҰРСАҢ, ШАЙ БЕРЕДІ

» «Астана жастары» ресурстық орталығының еріктілері «Біз біргеміз» ұранымен азаматтарға ыстық шай ұсыну шарасын өткізді.



Жадыра МҰРАТБЕКОВА

«Астана жастары» ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Тілеулиннің айтуынша бұл елордалық еріктілердің алғашқы акциясы емес. Жыл басынан бері белсенділер Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл ардагерлеріне, жалғызбасты зейнеткерлерге, сонымен қатар халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына көмек көрсетуге бағытталған түрлі іс-шараға қатысып келеді. «Қазіргі таңда 100-ден астам ауланы қардан тазарттық, бүгінгі оныншы акцияда шай таратуды шештік. Боранды күндері біз шай таратуға шығамыз. Акция халық көп шоғырланған жерлерде өткізіліп тұрады. Бұл жолы «Тұлпар», «Шапағат» базарлары, теміржол вокзалы, «Гүлжан» сауда үйі, Қосшы мен Ильинка бағытындағы аялдамаларда өткізуді жөн көрдік» деді Ш.Тілеулин. Шараның мақсаты – суықтан қатты тоңғандарды жылыту.

■ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында өңірдегі Абай жылы салтанатпен ашылды. Хакім атамның мерейтойына арналған шарада «Абай – халықтың рухани қазынасы» атты театрландырылған көрініс қойылып, ақынның өлеңдері мен қара сөздері оқылды. Биыл ақын тойы аясында Орал қаласындағы Абай алаңы абаттандырылады.

■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Қазір өңірде орман шаруашылығының мамандары қат. Дәлірек айтқанда, бұл салаға 545 маман керек. Бұл, әсіресе, Тарбағатай, Күршім, Үржар және Зайсан аудандарында байқалып отыр. Бүгінгі таңда бұл бос орындарды шекарадағы аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында толтыруды көздейді.

■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Елімізде түйенің құл ауруына қарсы вакцина шығарылмайды. Осы жағдайды ескерген Биологиялық қауіпсіздік мәселелерін ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары ауруға қарсы жаңа вакцинаны жасап шығарды. Ақпан айынан бастап ғалымдар Бейнеу ауданында жаңа вакцинаны өндіріске енгізу алдындағы сынақ жұмыстарын жүргізуде.

ШЕТ АЙМАҚҚА ШЕТ ҚАРАМАЙДЫ



» Елорданың әр төртінші тұрғыны немесе 280 мың адам қала маңындағы елді мекендерде тұрады. Тұрғын алаптарды дамытудың 2019-2021 жылдар бағдарламасына сәйкес қаланың шеткері аймақтарында біраз жұмыс атқарылады. Атап айтқанда, инженерлік инфрақұрылым мен жолдар, әлеуметтік нысандар салынып, абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Соның ішінде «100 көше» жобасы жүзеге асырылады.

Осы үш жылға шеткі аймақтарға Үкіметтің қолдауымен республикалық бюджеттен 80 млрд теңге бөлінді. Бұл аз қаржы емес. Осы туралы таяуда өткен қала әкімі Алтай Көлгіновтің халыққа есеп беру кездесуінде айтылды. Аудан басшыларының тұрғындарға есебінде де бұл мәселе қамтылды. Соған сай жақын жылдары тұрғын алаптар түрленіп, құлпыруы тиіс. Ал әзірге оларды дамыту бойынша ауқымды жоспар құрылды.

Өткен жылы не істелінді? Былтыр шеткі аймақтардағы 74 көше құрылысы мен жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Пригородный» тұрғын алабында 800 орынға арналған мектеп пен «Аспан» спорт кешені ашылды. «Өндіріс», «Ильинка», «Көктал-2» тұрғын алаптарында спорттық-ойын алаңдары мен амбулаторлық орталық салынды.

Қазір тұрғын алаптарды дамыту үшін не істеу керек? Қай жағы олқы соғып тұр? Алматы ауданына қарайтын «Оңтүстік-шығыс» шағын ауданында жалпы ұзындығы 20 шақырымды құрайтын аумаққа жол

дар салынбаған. Жоспарға сәйкес, кейбір көшелер қаланың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы есебінен салынса, басқаларын жөндеуге аудан бюджетінен қаржы қарастырылады. Осы елді мекенде нөсер сулары кәрізінің 19 шақырымы орталық желіге қосылмаған. Сол себептен шағын аудандағы 10 нүктеде үнемі су жиналып, оны сорып алуға тура келеді.

Соның ішінде, Бұқтырма көшесіне кәріз жүйесі керек. Көше тұрғындары бұл жүйені күтіп жүргеніне біраз жылдың жүзі болды. Жақында осы мәселені олар Алматы ауданының әкімі Әділбек Сәрсембаевтың алдына қойды. Аудан басшысы бақылауға алатынын жеткізді.

Жалпы Алматы ауданына «Оңтүстік-Шығыс» шағын ауданымен қатар «Промышленный», «Железнодорожный», «Интернациональный», «Мичурино», «Күйгенжар» тұрғын алаптары қарайды. Олардың бәрін қосқанда 34 көшеде жолдар жоқ. «Мичурино», «Күйгенжар», «Интернациональный» кенттеріндегі жарықтандыру желілерінің

жұмысында кілтпандар бар. Сумен қамту, су бұру желілері, нөсер сулары кәрізі де салынбаған. Мәселені шешу үшін қазіргі кезде Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасымен бірге тиісті жобаларға түзету енгізіп жатыр. Биыл қызметті жеткізушілер анықталып, бұл жобалар аяқталуы тиіс. «Мичурино», «Күйгенжар», «Интернациональный» кенттеріне таза су тартылады.

«Интернациональный» емхана жұмысын ұйымдастыру да өзекті болып отыр. Онда жұмыс істеп жатқан отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның қуаты тұрғындардың бәрін қамтуға жетпейді. Кабинеттер де әбден ескірген. Қазіргі кезде жаңа амбулаторияны салу мәселесі қаралып жатыр.

Үш жылдық межеге тұрғын алаптардағы 100 көшенің жолдарын салу мен реконструкциялау, 588,9 шақырым желілерді, соның ішінде кәріз, нөсер сулары, сумен қамту жүйелерінің құрылысы кіріп отыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ АЛАПТАРЫН ДАМУ



ПРИГОРОДНЫЙ
ТҰРҒЫН ҮЙ АЛАБЫНДА
800 ОРЫНДЫҚ
МЕКТЕП АШЫЛДЫ

2019 ЖЫЛЫ
74 КӨШЕ
САЛЫНДЫ
ЖӘНЕ
ЖӨНДЕУДЕН
ӨТТІ

НҰР-СҰЛТАН
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
А. КӨЛГІНОВТІҢ
ХАЛЫҚА БЕРГЕН
ЕСЕБІНЕН

Сондай-ақ осы жылдары 3 тазарту құрылысы мен 34 ТП мен РП, 1 қосалқы станса салынбақ.

Әлеуметтік нысандарға келсек, шеткі аймақтарда 6 мектептің, 5 денсаулық сақтау нысанының, 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, 2 өрт сөндіру депосының құрылысы жүргізіледі.

Ал абаттандыру бағытында 11 саябақ салынып, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 2927 контейнер сатып алынады, 170 контейнер алаңы ретке келтіріледі, 246 саяжай мен 34 гараж мемлекет мұқтаждығы үшін алынып, сүріледі.

Бетті дайындаған
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

БӨРІСЫРҒАҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАРБАЛАС



(Соңы. Басы 1-бетте)

Былғы қыстың басынан елордада қар қалың жауды. Салыстыра қарайтын болсақ, өткен жылдың осы кезеңінде қаладан 1 млн 900 текше метр қар шығарылса, қазіргі уақытқа екі еседен аса көп, 4 млн текше метрден астам шығарылды. Коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде, яғни күні-түні жұмыс істеп жатыр. «Қазгидромет» РМК мәліметіне сәйкес, 18 ақпаннан 19 ақпанға қараған түні жарты айлық жауын-шашын мөлшері түсті. Түнде 7 мм болса, айлық норма 15 мм құрайды. Ақпан айының басынан бері жауын-шашын мөлшері 33 мм құраған.

Сейсенбіден сәрсенбіге қараған түні қар тазалау жұмыстарына 1292 техника мен 156 жол жұмысшысы жұмылдырылып, 32072 текше метр қар немесе 2673 рейс қар шығарылған. Ал кеше қала көшелерін қардан тазартуға 1407 техника мен 1100 жол жұмысы тартылды. Жал-

пы осы уақытқа дейін барлығы 4110472 текше метр (325497 рейс) қар тазартылды.

Елордалық еріктілердің «Біз біргеміз» челленджі де жалғасып жатыр. Екі айдың ішінде оған 50 мыңнан астам адам қосылып, 100-ден аса отбасыға көмектесті.

Елорда волонтерлері штабының төрағасы Шыңғыс Тілеулиннің айтуынша, челленджге Қазақстан студенттерінің альянсы, «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы, Қазақстан жастарының конгресі, Астана медицина университеті, Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы, «Жас Отан» ЖК секілді ұйымдары қосылған. Қарды өз бетінше шығарып тастауға және полигонға шығаруға мүмкіндігі жоқ азаматтарға еріктілер көмектесуге дайын. Елордалық волонтерлер осы істерімен су тасқынының қаупін азайтуға да септігін тигізеді.



Райхан
РАХМЕТОВА

Еріктілер оқиға орнынан бастап із қуып, бейнежазба немесе куәгерлер арқылы соңына түседі. Жақындарының көз жасына қарай бірі тірі, ал бірі өкінішке қарай, өлі табылады. Алайда іздің арты сұйылып, бірте-бірте жоғалып, бірнеше жылға дейін немесе мүлдем табылмай жатқандар да қаншама? Статистикаға сүйенсек, өткен жылы Қазақстанда жоғалған 1625 адам табылған, оның 243-і өлген, тірі табылмағандар ішінде 22 адам – елордалықтар. Жоғалып кеткендер саны былтыр 2018 жылға қарағанда 7 адамға болса да кеміген.

Тағдыр тәлкегіне түскен жандардың қайғысына бейжай қарай алмайтын еріктілер тобы елдің бәрі күдер үзсе де, алған беттерін қайтпай, іздеуді жалғастыра береді. Құрылғалы 4 жыл ішінде олар тұрғындардан келіп түскен өтініштерге қарай 300-ге тарта адамды іздеуге атсалысқан. Оның 70 пайызында адамдар тірі табылған. Бұл дегеніміз – шамамен бір жылда 75, бір айда 6-7 адамнан жоғалады деген орташа көрсеткішті көрсетіп отыр. Оның өзі – тек осы ұйымға айтылған өтініштер көлеміндегі деректер.

Ұйым құрылмас бұрын Айзаданың ерікті ретінде алғаш іздеуге араласуы аяқ астынан басталды. Елордалықтардың есінде болса 2016 жылғы 10 мамырда Элина Кульдина деген екі жастағы бүлдіршін аяқ асты жоғалып кеткен еді. Қыздың ата-анасы Есілдің жағасына демалысқа барып, дәл үйге қайтар кезде қыздарын таба алмай қалған болатын.

«Салонда шаштараз болып жұмыс істеймін, түс мезгілінде дүкенге барып келе қояйын дегем, бір клиентім тұр екен сол маңда. Қатты қобалжып, көріпкел таныстарыңыз жоқ па деп сұрап, әріптесінің қызы табылмай жатқанын жеткізді. Жақсы, қарастырармын деп жұмысыма кеттім. Бірақ әлгі қыз есімнен кетпей қойды. Жазылып қойған клиенттерімді басқа уақытқа шегеріп, бірден оқиға орнына жеттім. Сол кездегі көріністен жүрегім қатты езілді. Ата-анасын аяп, іздеу жұмыстарына қатыстым. Өзіннің бойлай 200 километр жерге дейін 10 күн іздедік. Тек 11-ші күн дегенде баланың мәйітін балықшылар тапты. Тура, жоғалған жерінде суға кеткен екен. Бұл менің өмірге деген көзқарасымды қайта қарап, жаңаша шешім қабылдауға үлкен қозғау салған оқиға болды. Сол уақыттан бастап жоғалған адамдарды іздеуге көмектесемін деп бекіндім» дейді Айзада. Осылайша, қазір өзі басшылық ететін «LIDER.KZ» еріктілер тобы өмірге келіпті.

Отыз жастағы отбасылы келіншек 10 жылдан астам уақыттан бері шаштараз болып қызмет атқарады. Жеке салоны бар. Өзінің сұлулық индустриясында шағын кәсібін дөңгелетіп, жұмыспен отбасын қатар алып жүр. Негізгі табысы да осында.

Өзі секілді ниеттес адам-



АДАМ ІЗДЕП ЖҮРГЕН АЙЗАДА

» Бүгінде адамдардың жоғалып кету жағдайлары жиі белең алып отырғанын естіп те, көріп те жүрміз. Үйінен, оқу орнынан, жұмысынан шыққаннан қайта оралмағандар арасында бала да, орта жастағылар да, қарттар да бар. «Айналаның бәрі камера. Қазіргідей мобильді дәуірде адам жоғала ма тәйірі, жоғалса да тауып алу оп-оңай ғой?!» десеңіз, қателесесіз. Жоғалған жандарды іздеумен 4 жылдан бері айналысатын елордалық «LIDER.KZ» еріктілер ұйымының жетекшісі Айзада Жүсіпова осылай дейді. Қазақстанда адамдарды іздеумен айналысатын жалғыз ресми ұйым ретінде тіркелген топ еріктілері оған талай рет куә болған.

дарды жинап, еріктілер ұйымын құрған ол бүгінде бұл топтың елордамызда аса танымал екенін айтады. Еріктілер қатары жыл санап арта түскен. Бір қызығы, әрбір іздеу жұмысынан кейін жоғалып кеткендердің туыстары мен жақындары жан қалауларымен еріктілер қатарына қосылып жатады екен. Мәселен, Бақдәулет есімді баланы іздеу оқиғасынан кейін еріктілер қатары бірден 80 адамға толыққан. Бұл топ қызметінің тарихындағы ең ауыр оқиға болған еді. Өкініштісі сол, бала екі күннен кейін өз үйінен 150 метрдегі құдық ішінен табылған...

– Былтырғы ақпан айы, қақаған қыстың кезі, екі күн қатты боран тұрған. Бізге белгі түскеннен кейін дереу іздеуді бастадық. Елорда іргесіндегі Қырқыншы стансасында беті ашық, бірақ қар көміп, көрінбей қалған құдықтар көп болып шықты. Іздеу жұмыстарын жылдамдату үшін бірден сондай құдықтар картасын тиісті органдардан сұраттық, бірақ олар құзыреттері жоқ екенін айтып, бермеді. Сосын өзіміз іздей бастадық. Ақыры үшінші күні түнде таптық. Сараптама нәтижелері баланың екі күн бойы тірі болғанын растады. Алайда БАҚ беттерінде ол баланы құдыққа түсіп, ішінде суға тұншығып өлді деп жазды. Негізі, оның

ішінде тек тобықтан келетін ғана су болған. Бала суықтан және аш болып әлсіреп өлді. Құдық терең, астында канализациялық құбырлар өтеді, ауа жоқ, адам тұншығып та өледі, – дейді Айзада мұңайып. Еріктілер баланың анасымен жақын араласып тұрады. Өлі табылса да, ұлын іздеген жастарға әлі күнге алғысын білдіреді.

Ұйымның негізгі бағыты – жоғалған адамдарды іздеу және үзілген туыстық байланыстарды жалғау. Криминалдық сипаттағы жағдай болса мүлдем араласпайды. Негізінен, жас балалар мен егде және мүгедек адамдарды іздейді. Сондықтан жоғалған адам туралы мәліметті іздеуші тараптан толықтай сұрап алады. Егер қандай да бір қылмысқа қатысы барын байқаса бірден іздеуден бас тартады. Мәселен, алимент төлемей, қарызын қайтармай қашып жүргендер болса, іздемейді. Бұл – ішкі істер органдарының құзіретіндегі нәрсе.

– Кейде сыныптастарын іздеп табуға көмектесуді өтініп хабарласатындар болады. Ондайда тек интернет аккаунттарымыз арқылы жан-жаққа сітме таратумен ғана шектелеміз. Соңғы уақытта интернаттан шыққан жетім балалардың туған-туыстарын іздеп табуына да көмектесіп жүрміз. Жалпы бізге бәрінен маңызды – балалар, бала

Құрылғалы 4 жыл ішінде олар тұрғындардан келіп түскен өтініштерге қарай 300-ге тарта адамды іздеуге атсалысқан. Оның 70 пайызында адамдар тірі табылған

жоғалды десе біз ештеңеге қарамай бірден іске кірісіп кетеміз. Алайда кейде ата-анасы байбалам салып іздеп жатқан балалардың ойын клубтарынан табылатыны болады. Сондай оқиға Болат деген балаға қатысты болды. Оны жетінші тәулік дегенде бір-ақ таптық. Күндіз бір жерде ұйықтап, түнде интернет клубта отырған, сондықтан күндіз еш жерге камераға да, басқа да адамдардың көзіне де түспепті, – дейді ол Болатты күлімсірей еске алып.

Ең тез табылған аутизммен ауыратын 12 жасар Тамерлан болыпты. Бір күнде табылыпты. Мұндай балалар қатты қадағалауды қажет ететіні белгілі. Көзді ала бере үйден қашып шығып, таңғы 8-де автобуска отырған да басы

ауған жаққа кете берген. ЛРТ арқылы камераларды шолып шыққанда оның қала орталығына бет алғаны байқалған. Дереву «Бәйтерек» монументі жанынан штаб құрған еріктілер сол жерден іздеуді бастайды. Түн ауғанға дейін оның ізін таппайды. Тек түнгі үштерде оны «Самал» шағын ауданы маңайынан бір қоршаудың қасында жалғыз тұрған жерінен табады. Маусым айы болса да түн салқын, жалғыз жейдемен тұрған ол дірілдеп, қорқып, қолында көшеде адамдар берген болуы керек, тәттілер ұстап тұрыпты. Шошытып алмайын деп қасына жақындап, оны ақырындап көлігіне отырғызады. Бала көлікте жылынып, қауіп жоқтығын сезгендей жадырап сөйлей бастаған соң анасына жеткізілген. Байғұс ананың сол кездегі бақытында шек жоқ еді.

Еріктілердің айтуынша, жаз мезгілінде, әсіресе, жүзу маусымында балалардың жоғалып кету оқиғалары көбейеді. Статистика да соны көрсетеді. Осы жағынан бірінші кезекте ата-аналар, сосын құзырлы органдар тарапынан мұқияттылық жетіспей жататыны рас.

Еріктілер жұмысы қалай жүргізіледі? Адам жоғалғаны туралы хабар түскеннен кейін команда жинақталып, іске кіріседі. 4 әкімші бар, олар – Таян, Гүлжан, Оля және Айзада. Біреуі адам жоғалған жерде, оқиға орнында қалады, екіншісі, қала бойынша қозғалыс ізін реттейді. Үшіншісі, телефон құлағында отырып, ауруханалар, бейімдеу орталықтары, мәйітханалардан мәлімет алады. Төртіншісі, әлеуметтік желідегі жұмысты қолға алып, жоғалған адам туралы жылдам хабар таратып отырады. Олардан басқа топтың барлық мүшелері іздеу жұмысына жұмылады.

Топ қатарына өту үшін мынадай басты талаптар бар: нақты іздеу жұмысына тек 18 жастан жоғары азаматтар ғана тартылады. Кәметел жасына жетпегендерге де ниеті болса жұмыс табылады, мысалы, іздеу қағаздарын аялдмаларға, қоғамдық жерлерге жапсырып көмектесуге болады, бірақ оларға тек күндізгі уақытта ғана жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Одан жоғары жастағылар шын мәнінде жүрек қалауымен топқа қосыламы десе – мархабат. Әркімнің өз қалауы, ниетіне байланысты. Мұндай жолға пайда немесе атақ іздеп келгендердің шикілігі түбінде белгілі болады. Сондай-ақ алғашқы іздеу жұмысынан кейін-ақ кейбірі жұмыс барысындағы түрлі қауіптер мен кедергілерді қиынсынып, өз ниетінен бас тартып жатады екен.

– Бізге қызығатындар да, таңқалатындар да бар. Бәріне қалай үлгересіңдер, отбасыларың не дейді, олардың тамағы, басқасы қайда, жұмыстарың не болады деп сұрап жатады. Иә, оңай емес, бірақ осы жолды таңдаған еріктілер үшін бұл хоббидан бұрын өмір салтына айналып кетеді екен. Жүрегің қалаған жұмыспен айналысқың келсе отбасыңа да, жұмысқа да үлгеруге болады. Қаншама жүрегі таза, ниеті ақ жан-

дармен танысып, достар таптық, ерекше бір орта қалыптастырдық. Осы жолды табуыма мүмкіндік берген Аллаға мың да бір шүкіршілік етемін, – дейді Айзада.

Бұған дейін ішкі істер органдарымен ішінара болса да, жұмыс істеп келген еріктілер тобы биылдан бастап олармен тығыз қарым-қатынас орнатуға көшті. Бүгінгі таңға қалалық ІІД және Алматы, Сарыарқа аудандарының ішкі істер басқармаларымен меморандумға қол қойылыпты. Енді Байқоңыр және Есіл аудандарына шықпақ.

– Біздің қызметімізге полиция көп көмектеседі, мәселен, жоғалған адам туралы істі жүргізіп отырған тергеушіден қасымызға көмекке полиция қызметкерін жіберуді өтініс, жібереді. Өйткені орман жолақтары немесе қалтаныстар, ықпал-жықтылығы көп тұрғын үйлер алабын аралап тексеру қажет болады, сондай кезде полиция болғаны жақсы жанымызда. Ұйымымыз, негізінен, әйелдерден құралған, ер-азаматтарымыз үш-төртеу ғана. Сондықтан да полиция қызметкерлерінің көмегі көп тиіп жатыр. Ұйымдағы ең жас ерікті – 17 жаста болса, ең үлкені – 56-да. Ерікті жұмыспен негізгі жұмыстан қолымыз бос кезде айналысамыз. Үйленбеген жастарды қоспағанда, бәріміздің де отбасымыз, бала-шағамыз бар адамдармыз, – дейді еріктілер қозғалысының басшысы.

Бүгінде ұл тәрбиелеп отырған Айзада болашақта перзентінің жақсылықтың жаршысы, елге жанашыр азамат болғанын қалайды. Топтағы барлық аналардың да тілегі – сол.

«Волонтерлік – біздің халықтың шынайы болмысы. Өйткені барыңды бөлісу, жанашырлық таныту – қазақ халқына тән қасиет» деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, жақсылықты жанына жалау еткен еріктілердің қоғам дамуына, көп істердің алға жылжуына тигізер үлесі орасан зор екенінде дау жоқ.

– Биыл еріктілер қозғалысы кең өріс алууда. Олар науқастардың еміне ақша жинауға, қариялардың үй шаруасына көмектесуге, балалардың сынақтарға дайын болуына, мемлекеттік деңгейдегі ірі шараларға атсалысуға да үлгеріп жүр. Біздің жұмысымыз осындай атаулы жыл біткесін де жалғаса береді. Жүрек түкпірінде қиналғанға қолдау, дәрменсізге демеу беруге шынайы ниет, жанашырлық сезім болса, еріктілер қатарына қосылыңыз. Өмірде айналаңдағы жандарды сәл де болса бақытқа бөлегеннен артық ләззат жоқ, – дейді Айзада Болатқызы.

Қашан көрсең уақыты тапшы қазіргі заман адамы үшін жүрек қалауын жандырып еріктілікпен айналысуға ден қою кейде ерлікпен пара-пар іс екенін мойындайсың. Егер сіз шын пейіліңізбен, риясыз көмек қолын созуға дайын болмасаңыз, бұл – сіздің жолыңыз емес. Ерікті болып, мұқтаж жандарға көмектесу адамның өмір сүру салтына айналғанда ғана, ол адамды ерікті деп айтуға толық қақымыз бар.


 Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Дегенмен біршама уақыт талқылағанда әлі бір әліпбиге тұрақтай алмағанымыз, «осы болады-ау» деген әліпбиміздің өзі бір қайнауы ішінде дүмбілез болып шыққаны қынжылтады. Сосын да «бекітілген әліпби» жалпы жұрт назарына ұсынылып, қазы халықтың таразысына түскенде бұл жобаға үрке қарағандар аз болған жоқ. Әсіресе, и, й дыбыстарының і әрпімен, ң әрпінің і әрпімен, ш, ч дыбыстарының sh, ch әріптерімен таңбалануы көптің көңіліне жаққан жоқ. Себебі ілесу деген сөзді іlesу деп, иілгіш деген сөзді ilgish деп жаздық та, ілесу ме, илесу ме, иілгіш пе, иилгіш пе, жоқ әлде иилгіш пе, өзіміз айыра алмай дал болдық. Міне, осы сияқты көрнеу көзге ұрып тұрған кемшіліктер мен төмескі кінәраттар көптің көңіліне көп күдік ұялатқаны шын болатын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та «бекітілген әліпбиде» кемшіліктер бар екенін, тіл мамандары жаңа әліпбиді әлі де жетілдіре түсуі керек екенін ескертіп, Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұловаға тиісті тапсырмалар берген болатын. Міне, осы тапсырмаға және Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бекіткен «Қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі әліпбиін жетілдіру бойынша 2020-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына» сәйкес бекітілген жобаны жетілдіру және басқа да жобаларды талқы таразысынан өткізу бойынша ел аумағында бір қыдыру отырыстар өтті. Соның бірі жақында бас қаламызда жоғары және арнаулы оқу орындарының филолог ғалымдары мен оқытушыларының арасында өткен ашық талқылау болатын. Латын графикасындағы қазақ әліпбиінің өзгертілген нұсқасын талқылауға арналған бұл шарада ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары Әділбек Қаба, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Тілеуғали Қышқашбаев және Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының қызметкерлері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Еуразия гуманитарлық институтының, М.Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің, Көлік және коммуникация колледжінің, Гуманитарлық колледжінің ғалымдары мен білікті мамандары, мектеп мұғалімдері, балабақша тәрбиешілері қатысты.

Алдымен Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары Әділбек Қаба латын әліпбиіне көшу мәселесіне байланысты атқарылған

ЖАҢА ЖОБА ЖҰРТ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒА МА?

» Қазақстанда соңғы кезде көп талқыланды тақырыптың бірі – латын әліпбиіне көшу мәселесі. Егеменді ел болып, көк туымыз көк аспанда желбіреген күннен бастап күн тәртібіне қойылған бұл мәселенің бүгінге дейін күрмеуі шешілген жоқ. Тіпті айтыла-айтыла естіген құлақ ығыр болып, халық та осы тақырыптан қажыын деді. Әрине, әліпби ауыстыру – үлкен дайындықты қажет ететін жұмыс. Сондықтан «кеңесіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, болашақ жазуымыз көбірек талқыланды дұрыс та шығар.

АКУТ (ЖЕТИЛДІРІЛГЕН) ЖОБА

Әліпби жобасы (акут)			
№	Латын	Кирилл	Әріптің аты
1	Aa	Аа	а
2	Āā	Әә	ә
3	Bb	Бб	бы
4	Vv	Вв	вы
5	Gg	Гг	гі
6	Ġġ	Ғғ	ғы
7	Dd	Дд	ды
8	Ee	Ее	е
9	Jj	Жж	жы
10	Zz	Зз	зы
11	Īī	Йй (Ии)	йй
12	Kk	Кк	кі
13	Qq	Ққ	қы
14	Ll	Лл	лы
15	Mm	Мм	мы
16	Nn	Нн	ны
17	Ńń	Ңң	ңң
18	Oo	Оо	о
19	Óó	Өө	ө
20	Pp	Пп	пы
21	Rr	Рр	ыр
22	Ss	Сс	сы
23	Tt	Тт	ты
24	Uu	Уу	уу
25	Ūū	Үү	ү
26	Ūū	Үү	ү
27	Ff	Фф	фы
28	Hh	Хх (Һһ)	хы
29	Ss	Шш	шы
30	Yy	Ыы	ы
31	Ii	Іі	і

- » Әріп саны: 31
- » Диакритика саны: 4
- » Диакритика түрі: акут (^), макрон (¯), седиль (ˇ), ноқат (˘)
- » Диакритикамен берілген әріп саны: 7 (ā, ġ, Ń, ó, ū, ū, ŷ)
- » «Бір дыбыс – бір әріп» принципіне сәйкестігі: толық сәйкес
- » Монограф саны: 31
- » Диграф саны: 0
- » Ұлттық тілдің 28 дыбысын қамтуы: толық қамтиды.
- » Шеттілдік сөздегі дыбыс таңбасының саны: 3. V (в), F (ф), H (х).

жұмыстарға тоқталып, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша іске асқан жұмыстардың қайта пысықталып, қорытындыланғанын, қоғам тарапынан ұсынылған пікірлер зерделеніп, ұтымды ұсыныстар назарға алынғанын, тәуелсіз сарапшылар тартылып, әріптердің unicode өлшеміне сай болуына назар аударылғанын жеткізді. Осыдан кейін сөз кезегін алған Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым-хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова латын әліпбиін әзірлеу бойынша әр сала мамандарынан ұйымдасқан 4 жұмыс тобының еңбектеніп жатқанын жеткізді. «Латын әліпбиіне көшу мәселесіне біздің азаматтар

өте белсенді атсалысты. Бастауыш мектеп оқушыларынан тартып, зейнетке шыққан ақсақалдарымызға дейін өз жобаларын ұсынды. Біз сол жобалардың ішінен осы болады-ау деген 8 жобаны таңдап алып, орфографиялық жұмыс тобының талқысына салдық. Сол отырыста жұмыс тобының мамандары мен жоба авторлары талқылай келе, жетілдірілген әліпбидің жобасы ретінде 2 жобаны ұсынды. Бүгін сол 2 жобаны және оған қосымша «аралас жобаны» сіздердің талқыларыңызға салып отырмыз» деді ол.

Талқыда ешқандай артықшылығы жоқ, латын әріптері мен кирилл әріптері араластырылып жасалған, кемшілігі шаш етекпен келетін «дүрегей» жобаға ешкім назар аударған жоқ.

УМЛАУТ (ЖЕТИЛДІРІЛГЕН) ЖОБА

Әліпби жобасы (умлаут)			
№	Латын	Кирилл	Әріптің аты
1	Aa	Аа	а
2	Ää	Әә	ә
3	Bb	Бб	бы
4	Vv	Вв	вы
5	Gg	Гг	гі
6	Ġġ	Ғғ	ғы
7	Dd	Дд	ды
8	Ee	Ее	е
9	Jj	Жж	жы
10	Zz	Зз	зы
11	Īī	Йй (Ии)	йй
12	Kk	Кк	кі
13	Qq	Ққ	қы
14	Ll	Лл	лы
15	Mm	Мм	мы
16	Nn	Нн	ны
17	Dd	Дд	ды
18	Oo	Оо	о
19	Öö	Өө	ө
20	Pp	Пп	пы
21	Rr	Рр	ыр
22	Ss	Сс	сы
23	Tt	Тт	ты
24	Uu	Уу	уу
25	Ūū	Үү	ү
26	Ūū	Үү	ү
27	Ff	Фф	фы
28	Hh	Хх (Һһ)	хы
29	Şş	Шш	шы
30	Yy	Ыы	ы
31	Ii	Іі	і

- » Әріп саны: 31
- » Диакритика саны: 5
- » Диакритика түрі: умлаут (¨), макрон (¯), седиль (ˇ), ноқат (˘), бревис (˘)
- » Диакритикамен берілген әріп саны: 6 (ä, ġ, ö, ū, ū, ş)
- » «Бір дыбыс – бір әріп» принципіне сәйкестігі: толық сәйкес
- » Монограф саны: 31
- » Диграф саны: 0
- » Ұлттық тілдің 28 дыбысын қамтуы: толық қамтиды.
- » Шеттілдік сөздегі дыбыс таңбасының саны: 3. V (в), F (ф), H (х)

Керісінше, акут пен умлаут жобасын көбірек талқылады. Бұл жерде Анар Фазылжанова «аралас жобаның» дайындалу барысына тоқтала келіп, Мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін «латынға көшпей-ақ, кирилл әліпбиінде қала берейік» деп кері толғағандар да болғанын, бұл жоба солардың қажеті үшін жасалған болар деген күдігін де бүлкі еткізді.

31 әріптен құралған акут жетілдірілген жобасында бұрынғы бекітілген әліпбидегі кемшіліктерді түзетуге күш салған. Яғни и, й әріптерін і әрпімен таңбалап, оның бас әрпі де ноқатпен берілген. Дей тұрғанмен жобада акут (^), макрон (¯), седиль (ˇ), ноқат (˘) сынды 4 түрлі диакритиканың болуы жазуда қолайсыздықтар тудырып қана қоймай, жазуы-

мыздың сиқын кетіретіні де шындық. Әсіресе, ң әрпінің і әрпімен таңбалануы онсыз да ң дыбысын айта алмайтын ұрпақ көбейіп келе жатқан бүгінгі таңда «ң» ды «н»-ға жақын әріппен таңбалауға болмайтынын алға тартқан мамандар егер акут жобасы қолдау табатын болса, «ң»-ды, сөзсіз, басқа әріппен таңбалауды талап етті.

Талқыда жаңадан жасалған умлаут жобасына жұрт көбірек тоқталды. Бұл жобада 5 диакритикалық белгі бар. Алайда у, ү, ү әріптерінің и әрпімен таңбалануы, қос нүкте (умлаут) мен сызықша (макрон) арқылы ажыратылып жазылуы жұрт арасында біраз талас тудырды. Себебі у, ү, ү әріптерін и, ү, ү деп таңбалаудың өзіндік артықшылығы болғанмен,

қолжазбада қолайсыздық тудыратынын айтып, тез жазған кезде ү деп жазу үшін ешкім и-дың үстіне қос нүкте қойып отырмай, сызықша тартып кете беретінін алға тартты. «Мәселен, бүгінге дейін төте жазуды қолданатын Қытай қазақтары т әрпінің ˘ деп таңбалап, қос нүкте қойғанмен, жазған кезде екі нүктенің орнына сызықша тартып кете беретінін көріп жүрміз. Ү әрпінің и мен таңбалануы сондай дағдыға айналып, кейін «ү» мен «ү»-ні ажыратуда ұғым шатастығын тудырады» деген мысалды алға тартқандар да болды. Дегенмен бұл жобада ң әрпінің ң таңбасымен алынуын талқыға қатысқандар жылы қабылдаған сыңай танытты.

Талқыны ұйымдастырушылар дайындалған жобалардың республика көлемінде талқыланып, әр сала мамандары арасында сауалнама жүргізіліп жатқанын, айтылған пікірлер есепке алынып, мамандар талқысына салынатындығын жеткізді. Әділбек Қабаның айтуынша, 20 ақпан күні Алматы қаласында мамандардың отырысы өтеді. Осы отырыста жинақталған ұсыныстар негізінде сараланып алынған әліпби ұлттық комиссияға жіберіледі. 36 адамнан құралған бұл комиссия құрамында тіл мамандары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, билік өкілдері бар.

Талқы барысында осыдан бұрын бекітілген әліпби негізінде көп мекемелердің маңдайшалығын латын әрпімен жазып қойғанын алға тартып, әліпби тағы өзгерсе, олар тағы шығындылып қалмай ма деп сұрағандар да болды. «Көп адамдар «мекеме маңдайшаларын бекітілмеген латынмен жазып қойды, әліпби тағы өзгерсе, олар ертең тағы шығындалады ғой» деген сын айтып жатыр. Жетілдірілген әліпбиде барлық таңба өзгерді деген сөз жоқ, 90 пайызға жуығы өзгермейді. Оның үстіне, кез келген мемлекеттік мекеменің маңдайшасындағы жазу 6 айда бір рет ауыстырылып отырады. Себебі күнге оңады, желмен тозады. Сондықтан ол сын негізсіз деп ойлаймын» деді Анар Фазылжанова.

Латын әліпбиі төңірегіндегі мәселелермен айналысып жүрген мамандардың айтуынша, жұртшылық арасында жаңа әліпбиге көшсек, шетел кісі аттарын жазуда (мәселен, Чаплин), кейбір шетел атауларын қолдануда (мәселен, центр) қолайсыздық тумай ма деген түйткіл де бар көрінеді. Алайда мамандар әліпби жасауда шетел атауларын қалай жазуды емес, өз ана тіліміздің үндестік заңы мен орфографиялық заңдылықтарын көбірек ескерген ұтымды екенін еске салады. Бастысы, жетілдірілген жаңа жоба жұрт көңілінен шыға ма, халықтан қолдау таба ма, елді елеңдеткен ендігі түйін – осы.

ПӘТЕР ҰРЛЫҒЫНЫҢ ҮЛЕСІ – 22 ПАЙЫЗ

Елорданың шеткі ауылдарында жеке үйлерде тұратындар өздері үйде жоқта теледидар, алтын бұйымдарының жиі қолды болатыны туралы жиі шағымданады. Тіпті бірінде үй иесі әйел бір бөлмесінде тамақ әзірлеп жатқанда, ардан безген ұрылар ашық тұрған терезеден еніп, келесі бөлмедегі теледидарды көтеріп кетіпті. Қарапайым адамдар сол теледидар, телефонды несиеге алып, соны төлеу үшін қанша тер төгіп жатқанын ойласаң, обал-ай дейсің.

Біз ұрлықты алғаш жасаған адамның төрт саусағын, екінші қайталаса сол аяғының табанының жартысын шауып, тіпті қоймаса ел алдында дарға асып жазалайтын Иран емеспіз, кейде ұрыны халық алдына шығарып атып тастайтын Солтүстік Корея заңы да біз үшін тым қатал, ұрлық жасаған адамның қолын кесетін Нигерияның тәсілі де тым жабайлық көрінер еді. Бірақ дамып кеткен Жапония да бір кезде ұрылардың қолын кескен, соның нәтижесі ме, бүгінде бұл ел үйлерін, көліктерін кілттемей жүре беретін елге айналған. Біздің елде ұрлық көп, оның ішінде пәтер ұрлығының үлесі 22,5 пайызды құрайды. Ұрлықтың кесірінен азаматтар қауіпсіздік пен жайлы өмірді сезіне алмайды.

ІІМ Криминалдық полиция департаменті басқармасының бастығы, полиция полковнигі Н.Рахметуллаевтың айтуынша, криминогендік жағдайға жасалған талдау көрсеткендей, соңғы 4 жылда республика бойынша пәтер ұрлығы үштен бір бөлшеке төмендеген. Айталық, соңғы 11 айдың қорытындысы бойынша 30 мыңға жуық пәтер ұрлығы тіркелген болса, бұл былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 7,5 пайызға төмен, мұндағы қылмыстың жартысы ашылмай қалған, 6733 қылмыскер ұсталған. Оның ішінде жалпы саны 150 адамнан тұратын 43 қылмыстық топ ұсталған.

ҰРЫЛАР ШЕТКІ АЙМАҚҚА ҮЙІРСЕК

– Нұр-Сұлтан қаласына әр аймақтан келген «ұры-гастролерден» тұратын, бұған дейін 50 пәтер ұрлығын жасаған 9 қылмыстық топтың қылмыстық әрекеті тоқтатылды. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында, арасында бойжеткен қыз да бар, 4 адамнан тұратын топ ұсталған. Олар бірыңғай «шет жатқан» аудандарда қимылдаған. Мандайшасы бар үйлерді тандап, соған шығып, ашық тұрған желкөздер арқылы немесе пластик терезелерді ығыстырумен пәтерге енген. Осы орайда қыз бен жігіт ғашық жұптың рөлін ойнаған және сақтық үшін кіреберісте тұрған.

КАМЕРАДАН ҚАНДАЙ ПАЙДА БАР?

ПӘТЕР ҰРЛЫҒЫН АЗАЙТУҒА ОНЫҢ СЕПТІГІ ТИЕМЕ?



» Нұр-Сұлтандағы қоғамдық көліктерде «қалта ұрыларына абай болыңыздар» деген ескертпе берілгенде барып көп адамның сөмкесінің аузын жауып, қалтасын қарманып телефонын түгендеп жатқанын байқайсың, біздің адамдар әлі де бейқам көрінеді. Қалта ұрыларының адымын шектеу мақсатында олардың суреттері сол қоғамдық көліктердің кіреберісіне де ілінген еді, бірақ олардың көбінің беті сызылған не ойылып қалған, соған қарағанда ұрылар әлі де автобуска бізбен бірге мініп-түсіп жүрген болуы керек.

Олардың 12 пәтер ұрлығын жасағаны дәлелденген. Олар елеусіз болу мақсатында Ильинка сияқты қаланың шет жағындағы кенттерге барып және пәтер иелерінің үйден шығып кеткен уақытын аңдыған. Олар қылмыс жасайтын орынға дейін қалалық автобуспен жетіп отырған. Коттеждер мен жеке үйлерде 10 ұрлық жасалғаны дәлелденген. Ұсталғандардың жалпы санынан бөлек 12 қылмыскер ТМД елдерінің азаматтары болып шықты, – дейді ІІМ Криминалдық полиция департаменті басқармасының бастығы, полиция полковнигі Н.Рахметуллаев.

Кейбір ТМД елдері заңды күшейту арқылы ұрлықты азайтты. Бізде де заңды күшейтуге болмай ма деген сұрақ көкейде тұр. Мысалы, Өзбекстанда ұрлық ауыр қылмыс саналатындықтан, қайталама ұрлыққа 8 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Бізде де ІІМ бірнеше мәрте ұрлық

жасауды ауыр қылмыстар санатына жатқызуды көздейтін (ҚК бір бабымен көзделген екі немесе одан астам әрекетті жасау) заңға тиісті түзетулер енгізуге бастамашылық етті. Яғни 6733 қылмыскердің 4120-сы қайталама ұрлық жасағаны үшін қоғамнан алшақтатылған, енді олардың жәбірленуші тараппен мәмілеге келу және әділ жазадан құтылуға мүмкіндігі жоқ.

ЕНДІ ЛОМБАРД ТОНАУ ОҢАЙ ЕМЕС

Көбіне ұрылардың көз құрты болатын дүниелер зергерлік бұйымдар, тері бұйымдары, түрлі аппаратура, яғни өзімен бірге алып шығуға және өткізуге болатын заттар екен. ІІМ Криминалдық полиция департаменті басқармасының бастығы, полиция полковнигі Нұржан Рахметуллаев осы себепті Ішкі істер министрлігі Ұлттық банкпен бірлесіп ломбардтардың қызметін

ұйымдастыру қағидаларын әзірлеп, бекіткенін айтады. Мұнда ломбардта заттарды сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды анықтау және ломбард жайларын техникалық бекемдеу мәселелері, ломбардтарда заңсыз табылған заттарды анықтауға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар көрсетілген. Енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап ломбардтық ұйымдар микронесиелеу ұйымдарына жататын болды. Осы қағидаларға сай ломбардтар несие бюросына барлық кепілдік мүлік туралы мәлімет беруге міндетті, ал полиция бөлімшелерінің жымқырылған мүлікпен қойылған кепіл нысанын тексеру үшін осы бюроға қолжетімділігі болады. Полицияның аймақтық департаменттері жергілікті атқару органдарымен бейнебақылау жүйелерін кеңейту бойынша бірлескен жұмыс жүргізуде.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖЕТЕРЛІК, БІРАҚ ҰРЫЛАР ҚАЛҒЫМАЙДЫ

Өткен жылдың аяғында бизнес класты тұрғын үй кешенінен өрт қауіпсіздігі шлангалары ұрланған, кейін ВІ Group компаниясы ол ұрыны тапты, ал қарапайым үйлерде ұры табылмай да кетуі мүмкін еді, өйткені қанша жерден бейнебақылау қойсаң да, оған ұрылар айылын жия бермейді, осы орайда біздегі аяқ бассаң алдыңнан шығатын бейнебақылаулардың көмегі қаншалықты деген сұрақ туады. ІІМ Криминалдық полиция департаменті басқармасының мәліметінше, қазіргі кезде елімізде 60 мыңнан астам бейнебақылау камералары, оның ішінде 6 мың ЖБО бейнебақылау жүйелері, «Қауіпсіз аула» бағдарламасының аясында орнатылған 55 мың және тұрғындардың бастамасымен орнатылған 15 мың бейнебақылау камералары бар. Бейнекамералармен 13 мыңнан астам аула, 17 мыңнан астам тұрғын үй қамтылған. Дегенмен, ұрылар «ұрлық жасау қиындап кетті» деп кәсіптерін тастап кетіп жатпағандай, олар да заманына қарай дамиды, өз дағдыларын, тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады. Заманауи техниканы, ұялы байланысты пайдаланатын, есіктер мен құлыптарды ашуға арнайы бейімделген құралдар жасайтын ұрылардан құлық артылар емес.

БАСҚА ПӘЛЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕН

